



**«БЕКТЕМІН»**

«Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған бастауыш мектебімен» МКМ  
 жинақталған бастауыш мектебімен у.м.а  
 Мектеп директорының  
  
 Г.С. Жаханова



«Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған бастауыш мектебімен» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша камелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша 2023 -2024 жылдарға арналған жоспары


№ п/п	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4
1	Мектепте Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысын ұйымдастыра отырып білім бөлімдерінің ресми сайттарынан «Ата-ана үшін», «Камелетке толмағандарға», «Заннама», «Анықтама», «Іс-шаралар», «Байланыстар», «Шұғыл бақыт», телефондары және т. б. ақпараттық бөлімдер ашу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТҰЖО Д.М.Мұхтар ПҰ А.М.Жолдас ӘП Ә.М.Қыранбай
2	Мектепте «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысын жандандыру және девиянтты мінез-құлпты, есепте тұрған, қолайсыз, аз қамтылған, толық емес отбасы бағаларымен алдын алу жұмыстарын күшейту.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТҰЖО Д.М.Мұхтар ПҰ Мектеп психологы Сынып жетекшілері
3	Камелетке толмағандар арасында орын алған қылмыс, құқықбұзушылықтың себебін анықтау, талдау және мониторинг жүргізу.	Білім бөліміне ақпарат, ай сайын	ДТҰЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП
		Келесі айдың 5-	

4	Мектеп окушылары арасында әлімжеттік пен бопсағалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнамалар алу және білім беру ұйымдарында суық қару әкелудің алдын алу шараларын ұйымдастыру.	не Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ Ата ана комитетінің мүшелері Сынып жетекшілері
5	«Отбасындағы қолайсыздық – құқық бұзушылықтың негізгі себебі», «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» тақырыптарында ата-аналар жиналыстарын өткізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ӘП Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Мектепте кәмілетке толмағандарға қатысты соттық және қылмыстық істер туралы ақпараттандыру, кәмілетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын дамыту мақсатында дәрістер мен семинарлар өткізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ӘП
7	Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы негізгі құндылықтарды ерте жастан түсіндіру бойынша мектеп окушыларына құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар Мектеп психологі Сынып жетекшілері
8	Мектепте кәмілетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу және ата-аналардың жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған ақпараттық жарнамалар такталарын орналастыру және жадынамалар дайындау, тарату.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП «Өзін-өзі басқару» ұйымының белсенді мүшелері. Сынып жетекшілері
9	Қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды анықтау бойынша тұрақты түрде қолайсыз отбасыларына рейттік іс-шараларын жүргізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП
10	Интернет сайттарда келенсіз жағдайларға насихаттайтын (құқықбұзушылық, суицид, балалар порнографиясы, діни ағымдары т.б.) топтарға кіретін	Білім бөліміне ақпарат ай сайын.	Сынып жетекшілері Аудандық білім бөлімі

	балалар мен жасөспірімдерді анықтау мақсатында жүйелі түрде мониторинг жасап, анықталған балалармен алдын алу, түзету жұмыстарын үйлестіру.			
11	Мектепте «Полицияның жас көмекшілері», жасақтарын, «Жас-Сарбаз» сыныптары мен мүшелерін құру.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТІЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП	
12	Жазғы демалыс кезеңінде кемелетке толмағандардың, оның ішінде полиция бөлімінің есебінде тұрған кемелетке толмағандардың бос уақытын және жұмысқа орналастыруын қамтамасыз ету (балалар жасақтарын және лагерлерін құру сондай-ақ жасөспірімдерді уақытша жұмысқа орналастыру).	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	Педагог-ұйымдастырушы ДТІЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП Сынып жетекшілері	
14	Террористік белсенді аймақтардан оралған кемелетке толмағандарды радикалсыздандыру және оналту бойынша жұмысты ұйымдастыру, құқықтық, психологиялық кеңес көрсету.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТІЖО Д.М.Мұхтар ПҰ Сынып жетекшілері	
15	ҰЕҰ мен басқа мүдделі органдар өкілдерін тарта отырып, оқу орындарының оқушылары арасында олардың құқықтық, әлеуметтік және басқа құқықтарын сақтау бойынша дәрістік және басқа да іс-шаралар өткізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТІЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП Сынып жетекшілері	
6	Мектепте жасөспірім қылмысы, қазіргі заманғы психологиялық белсенді заттардың проблемалары, оларды тарату ерекшеліктері, олардың заңсыз айналымына кемелетке толмағандарды тарту бойынша оқушылардың ата-аналарымен кездесулер өткізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТІЖО Д.М.Мұхтар ПҰ Мектеп психологі Сынып жетекшілері	
	Қиын өмірлік жағдайдағы қолайсыз отбасыларын есепке алуды жүргізу бойынша жергілікті атқарушы органдар жұмысының алгоритмін әзірлеу және іске асыру.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ӘПСынып жетекшілері	

18	Мектепте спорт саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген спортшылармен, қоғамда белгілі адамдармен, ғалымдармен, ардагерлермен және т.б. кездесулер ұйымдастыру.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ
19	Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық құқықбұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында тәуекел топтарындағы отбасыларына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП Сынып жетекшілері
20	Кәмелетке толмағандармен еріктілер (волонтер) жұмысын ұйымдыстарту.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ ӘП
21	Девианттық мінез-құлықпен: - Арнайы білім беру және ерекше режимде ұстау ұйымдарынан келген; - Бас бостандығынан айыру орындарынан орылған; - Пробация қызметінің есебінде тұрған; - Қатыгездікпен қарауға ұшыраған кәмелетке толмағандарды оңалту және арнайы әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	Сынып жетекшілері
22	Тегін негізде қолайсыз және аз қамтылған отбасы балаларын салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шаралармен (спорт секциялары, мүдделер бойынша кружоктар, балалар зертханалары, шеберханалар және т.б.) қамтуды қамтамасыз ету.	Білім бөліміне ақпарат, тоқсан сайын	ДТТЖО Д.М.Мұхтар ПҰ

ДТТЖО



Мұхтар Д.М

«Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған бастауыш мектебімен»  
мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша құқықбұзушылықтар  
профилактикасы және жасөспірімдерге тәрбие беру туралы бойынша 2023-  
2024 жылдарға арналған жоспардың орындалуы жайлы

## БАЯНДАМА

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысын жоспарлап, ұйымдастыра отырып, мектептің ресми сайттарында «Ата-ана үшін», «Заңнама», «Байланыстар», «Шұғыл бақыт» ақпараттық бөлімдер ашылып және 87277393437 сенім телефондары жұмыс жасауда.

Ақдала орта мектебінде «Жас Ұлан» өзін өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Ұйымға жыл сайын белсенді оқушылар қабылданып отырады.

Кәмелетке толмағандар арасында орын алған қылмыс пен құқықбұзушылықтың себебін анықтау, талдауға тоқсан сайын мониторингтер жүргізіліп отырады. Және де құқықбұзушылықтың болдырмау үшін алдын-алу жұмыстары жоспарлы жүргізіліп отырады.

Оқушылар арасында әлімжеттілік пен бопсалаудың алдын алу үшін, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнамалар алынып, қорытындылары шығарылып, ай сайын Балқаш АПБ-нің ЖПК ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі О.А.Садырбаеваға қорытындылар жайында анықтамалар беріліп отыр. Суық қару әкелудің алдын алу іс-шаралары жасалып, ата-аналар мен оқушыларға баяндамалар мен жаднамалар таратылып тұрады..

Ата-аналармен тығыз байланыс орната отырып, мектепте «Ата-ана үні» атты айдармен бұрыш ұйымдастырылған. Ата-аналар осы бұрыш арқылы үнемі ұстаздармен кері байланыс алысып отырады. «Отбасындағы қолайсыздық-құқық бұзушылықтың негізгі себебі», «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» т.б тақырыптарында ата-аналар жиналыстары үнемі өткізіліп отырады. Ата-аналар қатысуымен «Бала құқығы», «Зорлық – зомбылықтың алдын алу», «Түнгі көшедегі балалар» атты тақырыпта жиналыс, акциялар, дөңгелек үстелдер өтті.

Ата-аналар арасында тұрғын үйден тыс жерде болған уақытта оларды қадағалау мақсатында балалардың телефонына бірнеше бақылау бағдарламалар ұсынылды. Атап айтсақ: «Find My kids», «Родительский контроль», «Семейный трекер», «Google family link», «Родительский контроль Kroha».

Мектепте кәмелетке толмағандарға қатысты соттық және қылмыстық істер туралы ақпараттандыра отырып « Заң және қоғам » «Өз құқығыңды білесің бе?», «Менің құқығым менің таңдауым» тақырыптарында дебат, ойталқылар болып отырады. Осы тұста тәуелсіз сарапшылар әр әңгіме, сұхбаттарда өз қорытындыларын шығарып, зерттеп, талдап отырады. Аталған іс – шараларға 5-11 сынып оқушылары белсене қатысып отырады. Кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын дамыту мақсатында «Құқықтық сауат», «Қылмыс және онымен күресу», «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыптарында дәрістер мен семинарлар өткізілді. Оған 1-4 сынып, 5-9 сыныптар қатысты.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу және ата-аналардың жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған ақпараттық жарнамалар тақталарын **akdala\_mektep instagram, facebook** желілерінде ақпараттық жадынамалар мен хабарламалар үнемі жарияланып отырады. Қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды анықтау бойынша тұрақты түрде қолайсыз отбасыларына рейдтік іс-шараларын әлеуметтік педагог А.Қыранбай, мектеп психологтары А.Ойшиева мен Т.Сайдашова жүргізілді, осы уақытқа дейін 20 отбасын аралап, қадағалаусыз және қараусыз қалған балалар жоқ екені анықталып рейдтік карта толтырылды.

Интернет сайттарда келеңсіз жағдайларға насихаттайтын (құқықбұзушылық, суицид, балалар порнографиясы, діни ағымдағы т.б.) топтарға кіретін балалар мен жасөспірімдерді анықтау мақсатында ай сайын әлеуметтік желілерді арнайы жүктелген мамандар қарап, мониторинг жасап отырады. Бұл тұста ата –аналар чатына оқушылардың ұялы телефонына ата –аналардың бақылауында бола алатын арнайы бағдарламалар орнатылған. Қазіргі таңда келеңсіз сайттарға кірген оқушылар тіркелмеген.

«Жас полицей» жасақтары арнайы құрылып, іс –шара жоспары бегітіліп, жұмыс жүргізілуде. Бұл жасаққа мектептің белсенді оқушылары кіре алады. Сонымен қатар «Жас-Сарбаз» клубы құрылып, іс –шара жоспары бекітіліп, АӘД пәнінің мұғалімі М.Құрман жетекшілік етеді. Бұл топтар үнемі шаралар, патриоттық онлайн кездесулер өткізіп «Заңға бағынған құл болмайды» ұранын ұстанатын нағыз патриот оқушылардан құралған.

Балқаш аудандық Ішкі істер бөлімінде есепте тұрған бала жоқ. Мектепішілік есепте 3 оқушы тұр, мектепішілік бақылауға 4 оқушы алынды. Қазіргі таңда оқушылармен жеке жұмыс жасалып, түзету жұмыстары жүргізіліп отыр.

Террористік белсенді аймақтардан оралған кәмелетке толмағандарды радикалсыздандыру және оңалту бойынша жұмысты ұйымдастыру, құқықтық, психологиялық кеңес көрсету бойынша террористік белсенді аймақтардан оралған отбасы және онда кәмелетке толмаған балалар жоқ.

ҮЕҰ мен басқа мүдделі органдар өкілдерін тарта отырып, оқу орындарының оқушылары арасында олардың құқықтық, діни әлеуметтік және басқа құқықтарын сақтау бойынша «Азаматтық бастамаларды қорғау» ҮЕҰ басшысы Н.Сейтжанұлының ұйымдастыруымен лекциялар өтті.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық құқықбұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында тәуекел топтарындағы отбасыларына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету бойынша мектептің әлеуметтік педагогы және мектеп психологы мектеп медбикесімен бірлесіп, мектеп оқушыларына «Менің өмірім өз қолымда», «Ерте жыныстық – өмір қаупі» тақырыптарында дәрістер оқылып, түсіндірме жұмыстары онлайн жүргізілді.

Кәмелетке толмағандармен еріктілер (волонтер) жұмысы ұйымдыстарылған, Осыған орай «Жас Ұлан» өзін –өзі басқару ұйымының мүшелері қарт кісілер мен тұрмысы төмен отбасыларға әрдайым көмек қолын созып отырады.


Девианттық мінез-құлықпен:

Арнайы білім беру және ерекше режимде ұстау ұйымдарынан келген;

- Бас бостандығынан айыру орындарынан оралған;
  - Пробация қызметінің есебінде тұрған;
  - Қатыгездікпен қарауға ұшыраған кәмелетке толмағандарды оналту және арнайы әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу бойынша тіркелген оқушы жоқ.
- Бұны болдырмау үшін алдын – ала шаралары жоспарланған.

Тегін негізде қолайсыз және аз қамтылған отбасы балаларын салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шаралармен (спорт секциялары, мүдделер бойынша кружоктар, балалар зертханалары, шеберханалар және т.б.) қамтуды қамтамасыз етілген. 2019-2020 оқу жылында арнайы «Табысты мектеп» жобасы аясында тегін үйірмелер іске қосылған. Атап айтсақ «Жас информатик», «Жас журналист», «Футбол», «Тоғызқұмалақ», «Бишілер», «Драма театр», «Жас инженер» т.б. Бұл үйірмелер арқылы оқушылар өзінің бос уақытын үнемді пайдаланып, өзінің бейімділігін арттыра алады.

ДТЖО



Д.М.Мұхтар


01.09.2023ж

«Ақдала орта мектебі  
Бояулы шағын жинақталған»  
бастауыш мектебімен

«2023-2024 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын –алу  
жөніндегі Кеңес құру» туралы

1. Мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын –алу жөніндегі құқықтық кеңес құрылсын.
  2. Кеңес құрамы төмендегідей бекітілсін;
    - 2.1. Кеңес төрайымы – Г.С.Жаханова
    - 2.2. Кеңес хатшысы – А.М.Жолдас – педагог ұйымдастырушы
- Кеңес мүшелері:
- 2.3. Ә.М.Қыраңбай –Әлеуметтік педагог
  - 2.4. Д.Махметов - Балқаш АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны
  - 2.5. Д.М.Мұхтар –ДТІЖО
  - 2.6. А.К.Ойшиева – психолог
  - 2.7. А.Нұрланқұлова– ата –аналар комитетінің төрайымы
  - 2.8. С.Тазабекова – құқық пәнінің мұғалімі
  - 2.9. А.Казизбек – Мектеп президенті
3. Кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған іс –шаралар жоспары бегітілсін
  4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

Мектеп директорының у.м.а



Г.С.Жаханова